

## Мемлекеттік органдардың қолдануы үшін метадеректерді қалыптастырудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 285 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 5 мамырда № 10940 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2022 жылғы 21 қыркүйектегі № 27 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 21.09.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 13) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік органдардың қолдануы үшін метадеректерді қалыптастырудың үлгілік әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Интернет-ресурстарында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А.С. Мамытбеков \_\_\_\_\_

2015 жылғы 16 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуроры

А.Қ. Дауылбаев \_\_\_\_\_

2015 жылғы 30 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

А.Б. Сәрінжіпов \_\_\_\_\_

2015 жылғы 18 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрі

Т.Б. Дүйсенова \_\_\_\_\_

2015 жылғы 20 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және

даму министрі

Ә.Ө. Исекешев \_\_\_\_\_

2015 жылғы 27 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б.Т. Сұлтанов \_\_\_\_\_

2015 жылғы 27 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрі

А. Мұхамедиұлы \_\_\_\_\_

2015 жылғы 7 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік қызмет істері

және сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл агенттігінің

төрағасы

Қ.П. Қожамжаров \_\_\_\_\_

2015 жылғы 3 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банк төрағасы

Қ.Н. Келімбетов \_\_\_\_\_

2015 жылғы 20 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

Қ.Н. Қасымов \_\_\_\_\_

2015 жылғы 12 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

В.С. Школьник \_\_\_\_\_

2015 жылғы 23 ақпан

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 31 наурыздағы  
№ 285 бұйрығымен бекітілген

## **Мемлекеттік органдардың қолдануы үшін метадеректерді қалыптастырудың үлгілік әдістемесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік органдардың қолдануы үшін метадеректерді қалыптастырудың үлгілік әдістемесі (бұдан әрі – Үлгілік әдістеме) "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Үлгілік әдістеме статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізетін және (немесе) ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыратын және әкімшілік деректерді қалыптастыратын мемлекеттік статистика органдарына және әкімшілік дереккөздерге жататын мемлекеттік органдарға таралады.

3. Осы Үлгілік әдістеме мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ведомствосына беру үшін мемлекеттік органдардың метадеректерді қалыптастыру рәсімін айқындайды (бұдан әрі - Ведомство).

4. Мемлекеттік органдардың осы Үлгілік әдістемені қолдануы:

1) мемлекеттік органдардың метадеректерін бірыңғай сақтау қоймасын құруды және оны өзектілендіруді;

2) мемлекеттік органдардың метадеректерді қалыптастырудың бірыңғай әдіснамасын пайдалануды;

3) ресми статистикалық ақпаратты және әкімшілік деректер сипаттамасы бойынша метадеректерді ұсынудың форматтары мен технологияларының бірлігін қамтамасыз етеді.

5. Осы Үлгілік әдістемені қолдану мақсатында мынадай ұғымдар қолданылады:

1) "Жіктелімдер және стандарттар" ақпараттық жүйесі - жіктелімдерді әзірлеу, енгізу, пайдалану және басқа ішкі және сыртқы ақпараттық жүйелер үшін ондағы ақпаратқа бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету процестерін автоматтандыруға арналған жүйе (бұдан әрі – "Жіктелімдер және стандарттар" АЖ);

2) "Метадеректер" ақпараттық жүйесі статистикалық көрсеткіштерді, жіктеуіштерді, анықтамалықтарды сақтауға, сондай-ақ статистикалық көрсеткіштер өлшемдері мен оларды жинау, өңдеу және тарату алгоритмдерінің сипаттамасына арналған жүйені білдіреді (бұдан әрі – "Метадеректер" АЖ);

3) статистикалық көрсеткіш – бұл орынның және уақыттың нақты жағдайларында құбылыстың немесе процестің мәнін көрсететін, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестердің сапалы сипаттамасы (бұдан әрі - СК);

4) статистикалық көрсеткіштердің жіктеуіші статистика саласында қолданылатын кіріс және шығыс көрсеткіштердің жүйелендірілген тізбесін білдіреді, және мемлекеттік статистика саласындағы статистикалық көрсеткіштерді жіктеу және кодтау тәртібін белгілейді.

Өзге де ұғымдар "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңында айқындалған мағынада пайдаланылады.

## **2. Метадеректер және олардың типтері**

6. Метадеректер – бұл статистикалық деректерді айқындайтын және сипаттайтын деректер.

7. Метадеректер типі бойынша мыналарға бөлінеді:

1) құрылымдық - осы деректерді табу және шығарып алу үшін деректерді айқындайтын және сипаттайтын метадеректер. Құрылымдық метадеректер мысалы осы Үлгілік әдістеменің 1-қосымшасында келтірілген. Құрылымдық метадеректерді толтырудың үлгісі осы Үлгілік әдістеменің 2-қосымшасында келтірілген;

2) анықтамалық (сілтемелі) - статистикалық ақпараттың мазмұнын және сапасын сипаттайтын метадеректер. Анықтамалық (сілтемелі) метадеректер мысалы осы Үлгілік әдістеменің 3-қосымшасында келтірілген. Анықтамалық (сілтемелі) метадеректерді толтырудың үлгісі осы Үлгілік әдістеменің 4-қосымшасында келтірілген. Анықтамалық (сілтемелі) метадеректер келесі түрлерге бөлінеді:

тұжырымдамалық - өлшенетін ұғымдарды сипаттайтын метадеректер;

әдіснамалық – сол арқылы іріктеме және деректерді жинау әдістері сияқты деректер алынған әдістерді сипаттайтын метадеректер;

сапалық - уақтылылық және нақтылық сияқты деректердің сапалық сипаттамаларын сипаттайтын метадеректер.

### **3. Метадеректерді қалыптастыру**

8. Мемлекеттік орган өз құзыретінің шеңберінде метадеректерді:

1) ақпараттық жүйелер болған жағдайда мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелер құралдары;

2) ақпараттық жүйелер болмаған жағдайда, осы Үлгілік әдістеменің 2, 4-қосымшаларына сәйкес Excel кестесін толтыру арқылы қалыптастырады.

9. Мемлекеттік органдар өз құзыретінің шеңберінде СК бойынша құрылымдық метадеректерді қалыптастырады және "Метадеректер" АЖ толтыру үшін осы Үлгілік әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде Ведомствоға береді. Ескертпеден басқа, нысанның келесі өрістері толтыру үшін міндетті болып табылады:

1) реттік нөмірі көрсетіледі;

2) СК коды – мемлекеттік органдар жүгінген кезде Ведомствомен бірлесіп берілетін СК бірегей коды көрсетіледі;

3) СК атауы – СК мәтіндік атауы көрсетіледі;

4) СК белгісі – егер СК есептік болған жағдайда, "1" белгісі және СК енгізілетін болған жағдайда, "0" көрсетіледі. Есептік СК - есеп айырысу іс-қимылдарының барысында алынған СК, енгізілетін СК – респондент статистикалық нысанға енгізетін СК;

5) СК дереккөзі – жалпы мемлекеттік немесе ведомстволық статистикалық байқаудың атауы және/немесе әкімшілік деректер қалыптастырылатын ақпараттық жүйенің атауы көрсетіледі. Бұл ретте бірнеше дереккөзді көрсетуге болады;

6) СК немесе дереккөзді жинау кезеңділігі – СК немесе дереккөзді жинау кезеңділігі көрсетіледі (мысалы: ай, тоқсан, жыл, жартыжылдық және басқалар);

7) СК жариялау кезеңділігі – СК жариялау кезеңділігі көрсетіледі (мысалы: ай, тоқсан, жыл, жартыжылдық және басқалар);

8) СК немесе дереккөзді жинау мерзімі – СК немесе дереккөзді жинаудың нақты күні көрсетіледі;

9) СК жариялау мезгілі - СК жариялаудың нақты күні көрсетіледі;

10) жинаудың өлшем бірлігі – СК жинаудың өлшем бірлігі көрсетіледі. Өлшем бірліктері мен шоттың мемлекетаралық жіктеуішіне (бұдан әрі - ӨБМЖ) сәйкес өлшем бірлігі көрсетіледі;

11) жариялаудың өлшем бірлігі – СК жариялаудың өлшем бірлігі көрсетіледі. Өлшем бірлігі ӨБМЖ сәйкес көрсетіледі;

12) СК жариялау белгісі – СК ресми түрде жарияланған жағдайда, "1" белгісі немесе СК жарияланбаған жағдайда "0" көрсетіледі;

13) өлшем (бөлініс) – пайдаланылатын жіктеуіштер, анықтамалықтар бойынша СК өлшемі (бөлінуі) көрсетіледі, мысалы: әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші, экономикалық қызмет түрлері бойынша және басқалар. Осы өрісте жіктеуіштің, анықтамалықтың ID кодын көрсетумен жіктеуіштің, анықтамалықтың аббревиатурасы толтырылады. Әрбір мәні "-" символы арқылы, жіктеуіш және анықтамалық аббревиатурасы мен ID бірге бос орын тасталмай көрсетіледі. Мысалы: ЭАОЖ213-ЭҚЖЖ4855.

Егер жіктеуішті, анықтамалықты нақтылау қажет болған жағдайда, жіктеуіштің, анықтамалықтың иерархия деңгейі және/немесе жіктеуіштің, анықтамалық элементінің коды көрсетіледі. Иерархия деңгейі "\_" арқылы көрсетіледі, мысалы: ЭАОЖ 213\_2- ЭҚЖЖ 4855\_1. Элементтің коды жай жақшаларда көрсетіледі, мысалы ЭАОЖ213\_2(11)- ЭҚЖЖ4855\_1(Е). Жиынтық деректер республика бойынша қалыптастырылған жағдайда, бөлінуі бір өлшемнен тұрады, мысалы ЭАОЖ213\_1.

Жіктеуіштің, анықтамалықтың ID коды және элементтерінің кодтары " Жіктелімдер мен стандарттар" АЖ-да қалыптастырылады;

14) өлшемін (бөлінуін) жариялау белгісі – өлшемін (бөлінуін) ресми түрде жариялаған жағдайда, "1" белгісі немесе өлшемі (бөлінуі) жарияланбаған жағдайда "0" көрсетіледі.

"Ескертпе" өрісі қажет болған жағдайда толтырылады.

10. Мемлекеттік органдар өз құзыретінің шеңберінде СК бойынша анықтамалық (сілтемелік) метадеректерді қалыптастырады және "Метадеректер" АЖ толтыру үшін осы Үлгілік әдістеменің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде Ведомствоға береді. Нысанның барлық өрістері толтыру үшін міндетті болып табылады:

1) реттік нөмірі көрсетіледі;

2) СК коды – мемлекеттік орган жүгінген кезде Ведомствомен бірлесіп берілетін СК бірегей коды көрсетіледі;

3) СК атауы – СК мәтіндік атауы көрсетіледі;







р/с №	СК коды	СК атауы	СК белгісі	СК дерек көзі	жинау		жинау			Жариялау		мі (бөлініс)	і (1-жөк)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1	611101	Жыл басына халық саны	1	2009 жылғы халық санағының қорытындылары "Халықтың табиғи қозғалысы" акпараттық жүйесі  "Халық көші-қоны" акпараттық жүйесі	ай	жылына бір рет	есепті кезеңнен кейін 6-күн	2 2 сәуір	адам	адам	1	ӘАО Ж213_2	1	2009 жылдан бастап 2014 жыл аралығында халық санын қайта есептеу әкімшілік-аумақтық өзгерістер негізінде және демографиялық ахуал деректерінің кештіркелуін ескереті отырып жасалды

Ескертпе: Құрылымдық метадеректерді сипаттау нысанын толтыру үлгісі осы Үлгілік әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес келтірілген, мұнда "жыл басына халық

саны" атауы – бұл СК, әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші – бұл өлшем, жыл басына халық саны жариялау кезеңділігіне ие – жылына бір рет, өлшем бірлігі - адам.

Мемлекеттік органдардың қолдануы үшін метадеректерді қалыптастырудың үлгілік әдістемесіне  
3-қосымша

### Анықтамалық (сілтемелі) метадеректер мысалы

#### Жыл басына халық саны

СК коды	611101
СК атауы	Жыл басына халық саны
СК қысқаша атауы	-
СК анықтамасы	Осы аумақта уақыттың белгілі бір кезеңінде тұратын адамдардың саны
СК қалыптастыру тарихы	1999 жылдан бастап
СК қалыптастыру әдістемесі	Жыл басына алынған ағымдағы бағалаулар жыл сайын туылғандар мен осы аумаққа келгендер саны қосылатын және қайтыс болғандар мен осы аумақтан кеткендердің саны алып тасталатын халықтың соңғы санағы қорытындыларының негізінде есептеледі
Әзірлеуші туралы ақпарат	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті
Жауапты тұлға	Тегі, аты, әкесінің аты телефон: электрондық пошта:

Мемлекеттік органдардың қолдануы үшін метадеректерді қалыптастырудың үлгілік әдістемесіне  
4-қосымша

НЫСАН

### Анықтамалық (сілтемелі) метадеректерді сипаттау нысаны

(нысанды толтырудың үлгісі)

р/с №	СК коды	С К атауы	С К қысқаша атауы	С К анықтамасы	С К қалыптастыру тарихы	С К қалыптастыру әдістемесі	С К әзірлеуші туралы ақпарат	СК қалыптастыруға жауапты адамның байланыс деректері		
								Тегі, аты, әкесінің аты	Телефон	Электрондық пошта
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
						Жыл басына алынған				

1	611101	Жыл басына халық саны	-	Осы аумақта белгілі бір уақыттың кезеңінде тұратын адамдардың саны	1999 жылдан бастап	ағымдағы бағалаулар жыл сайын туылғандар мен осы аумаққа келгендер саны қосылатын және қайтыс болғандар мен осы аумақта кеткендердің саны алып тасталатын халықтың соңғы санағы қорытындыларының негізінде есептеледі	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Статистика комитеті	Тегі, аты, әкесінің атын көрсету	Қаланың кодымен телефонды көрсету	Электрондық поштаны көрсету
---	--------	-----------------------	---	--	--------------------	---	---	----------------------------------	-----------------------------------	-----------------------------